

«Тұран» халықаралық төрелік орталығына
(қ. _____, көш. _____)

Талапкер: «Альфа» ЖШС

Заңды мекенжайы: _____
Хат-хабар жіберу мекенжайы: _____
Телефон: _____
E-mail: _____
Банктік деректемелері: _____

Талапкердің өкілі: Т.А.Ә.
Мекенжайы: _____
Телефон: _____
E-mail: _____

Жауапкер: «Бета» ЖШС

Мекенжайы: _____
Телефон: _____
E-mail: _____
Банктік деректемелері: _____

Талап бағасы: _____ теңге
«__» _____ 20__ ж.

ТАЛАП АРЫЗ

шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы

«Альфа» ЖШС пен «Бета» ЖШС арасында жасалған 20__ жылғы «__» _____
№_____ Жеткізу шартына (бұдан әрі мәтін бойынша – «Шарт») сәйкес, «Альфа» ЖШС 20__
жылғы «__» _____ «Бета» ЖШС мекенжайына, 20__ жылғы «__» _____ №_____
шот-фактурасына, 20__ жылғы «__» _____ №_____ теміржол жүкқұжатына (теміржол
вагоны №_____) сәйкес _____ (_____) теңге сомасына (сомасы жазбаша түрде)
«_____» (тауардың атауы) Тауарды жеткізді.

Шарттың ____-тармағына сәйкес, Тауар үшін төлем тауар партиясы келген сәттен бастап
____ күнтізбелік күн өткен соң жүргізіледі, алайда осы уақытқа дейін «Бета» ЖШС-нің (бұдан
әрі мәтін бойынша – жауапкер) Тауар үшін төлем жасау міндеттемесі орындалмаған.

Жауапкер алынған Тауар үшін төлем жасау міндетінен бас тартуын 20__ жылғы «__» _____
_____ Шағымында негіздейді.

«Альфа» ЖШС-пен жасалған Шартта және халықаралық шартта (Халықаралық жүк
тасымалы туралы келісім) көзделген тиісті дәлелдемелерді жауапкер ұсынған жоқ.

Тауардың жеткізілу фактісінің анықталғанын және дауланбағанын, «Бета» ЖШС-нің
«Альфа» ЖШС алдындағы берешегінің бар екенін, 20__ жылғы «__» _____ №_____
Жеткізу шартында көзделген, Тауардың Шарт талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын
құжаттардың жоқтығын ескере отырып, «Альфа» ЖШС өз құқығын пайдаланып, Шарттың
____-тармағында баяндалған төрелік келісімге (төрелік ескертпеге) сәйкес дауды мәні
бойынша шешу үшін «Тұран» халықаралық төрелік орталығына (бұдан әрі – МТО Тұран)
жүгінеді.

Шарттың ____-тармағына сәйкес, қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының
құқығы болып табылады.

ҚР АҚ-нің 272-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеме талаптарына және заңнама талаптарына сай тиісті түрде орындалуы тиіс, ал мұндай талаптар мен шарттар болмаған жағдайда – іскерлік айналым дәстүрлеріне немесе өзге де әдетте қойылатын талаптарға сәйкес орындалуы тиіс.

ҚР АҚ-нің 273-бабына сәйкес, заңнамада немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның талаптарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

ҚР АҚ-нің 466-бабының 1-тармағына сәйкес, сатып алушы (алушы) жеткізу шартына сәйкес жеткізілген тауарды қабылдауды қамтамасыз ететін барлық қажетті іс-әрекеттерді жасауға міндетті.

ҚР АҚ-нің 469-бабының 1-тармағына сәйкес, сатып алушы жеткізілетін тауарлар үшін шартта көзделген есеп айырысу тәртібі мен нысанын сақтай отырып төлем жасайды.

Осы уақытқа дейін Тауар жауапкермен төленген жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, сондай-ақ ҚР АҚ-нің 272, 273, 466, 469-баптарын, «Тұран» халықаралық төрелік орталығы Регламентінің 12, 13, 14-баптарын басшылыққа ала отырып,

СҰРАЙМЫН:

1. «Бета» ЖШС-нен «Альфа» ЖШС пайдасына _____ (_____) теңге сомасындағы (сомасы жазбаша түрде) берешекті өндіріп алу.

2. «Бета» ЖШС-нен «Альфа» ЖШС пайдасына төленген тіркеу алымының _____ теңге сомасын және төрелік алымның _____ теңге сомасын өндіріп алу.

МТО Тұран Регламентінің 38-бабына сәйкес, «Альфа» ЖШС өкілінің электрондық поштасына отырыстың уақыты мен күні туралы алдын ала хабарлай отырып, төрелік талқылау отырыстарына техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, онлайн режимде қатысуға рұқсат етуді сұраймын.

МТО Тұран Регламентінің 28-бабының 1-тармағына және 29-бабына сәйкес, «Альфа» ЖШС осы дауды **3 (үш) төрешіден тұратын алқалық құрамда** қарауды сұрайды және өз тарапынан төреші – Т.А.Ә. арбитрді сайлайды.

МТО Тұран Регламентінің 30-бабына сәйкес, «Альфа» ЖШС өз тарапынан резервтік төреші – Т.А.Ә. резервтік арбитрді сайлайды.

Қосымша:

1. Талап арыз – 3 дана;
2. Тіркеу және төрелік алымдарының төленгенін растайтын төлем тапсырмасы;
3. 20__ жылғы «__» _____ №_____ Жеткізу шартының көшірмесі – 3 дана;
4. 20__ жылғы «__» _____ №_____ шот-фактураның көшірмесі – 3 дана;
5. 20__ жылғы «__» _____ Шағым;
6. Талап арызды қол қоюға және төрелікке беруге, сондай-ақ төрелік талқылауға қатысуға өкілге берілген сенімхат;
7. Талапкер тарапынан төрешіні және резервтік төрешіні сайлау туралы өтініш;
8. Талап қою негізделген мән-жайларды растайтын өзге де құжаттар.

«Альфа» ЖШС басшысы немесе
Талапкердің сенімхат бойынша өкілі

_____ / Т.А.Ә.